



Автор: МОМБЕКОВА ЖАЙНА ЖАНДАРБЕКОВНА

Пән: Өзін-өзі тану

Сынып: 3- сынып

Бөлім: Адам болам десеңіз

Тақырып: Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	оқушыларға отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті жайлы түсініктер бере отырып, қиянат жасамау құндылығының мәнін ашу
Сабақтың мақсаты:	оқушыларға отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті жайлы түсініктер бере отырып, қиянат жасамау құндылығының мәнін ашу
Тілдік мақсаттар:	жанашырлық, әдептілік, сыйластық
Күтілетін нәтиже:	жанашырлықты, сыйластықты, әдептілікті бойына сіңіреді
Бағалау критерийлері:	отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті жайлы түсініктер бере алады, қиянат жасамау құндылығының мәнін ашады
Құндылықтарды дарыту:	Қиянат жасамау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	https://bilimland.kz/ қолдану
Пәнаралық байланыс:	әдебиет, музыка
Бастапқы білім:	Ұйымдастыру кезеңі. (Сәлемдесу ,түгендеу) «5» Т ережесін еске түсіру. Жағымды көңіл-күйге келу. «Нұрға бөлену» Мұғалім: Ыңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ-қолыңызды айқастырмаңыз. Қолыңызды тізеңізге немесе үстелге қоюға болады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	№10 сабақ. Оқулықтың 48 - бетіндегі Нұрғали Қадырбаевтың «Мейірім » мәтінін оқып келу. Талқылау сұрақтары: • « Мейірім » – деген сөзді қалай түсінесіңдер ? • Кішкентай Айнұрдың бойында қандай қасиеттер бар? • Айнұрдың атасы мен әжесінің қасында қалғысы келуінің сыры неде? • Жақын адамдардың арасында қандай қарым-қатынас болады? • Отбасы мүшелерінің бір-біріне деген қамқорлығын қалай түсінесіңдер? • Өзің отбасындағы жауапкершілікті қалай атқарып жүрсің? Мұғалім: Адам өз бойындағы жауапкершілікті сезініп, ар – ұжданына құлақ түре білсе,оның үнемі дұрыс жол сілтейтіндігіне көз жеткізеді.Ол өзінің жауапкершілігі арқылы дұрыс қарым – қатынас,қамқорлық,жанашырлық, парасаттылық, сыйластық,сабырлылық ,әдептілік сияқты игі өмір жолымен жүреді.Отбасы мүшелері арасындағы осындай игі қасиеттері бізге өнеге –үлгі.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Дәйексөз «Отбасының өнегесі –Отан өнегесі» Нақыл сөз Сұрақ: • Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? • Отбасы дегеніміз не? •Өнеге деген сөзді қалай түсінесіңдер? • Неге отбасының өнегесін – Отан өнегесімен салыстырамыз? • Отбасы мүшелері бір – бірімен қандай қарым – қатынас жасайды. Әңгімелеп берші.(Оқушылардың пікірі) Мұғалім: - Ия,дұрыс айтасыңдар балалар,бір шаңырақ астында тұратындардың бір –біріне сыйластығы, жанашырлығы, әдептіліктері, махаббаты,бауырмалдығы,татулығы,бірлігі өнегелі отбасыныңжарастығын құрайды. Отбасы дегеніміз бір үйде тұратын еңжақын,жанашыр,жақсы адамдар.Отбасы - сыйластық ,жанашырлық,жарастық орнаған орта, кішкентай Отан. Өнеге дегеніміз – отбасынанбасталатыны рас! Себебі , отбасы - бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.Отбасы – отанымыздың ошағы.Ал өнеге дегеніміз – ұлағатты адамдардың ұрпаққа көрсететін үлгісі. Осы отбасынан алған өнеге,тәлім-тәрбиеміз арқылы біз Отанымызға адал еңбек етеміз.Адал еңбек ету үшін барлық тіршілік атаулыға қиянат жасамауымыз керек. Дәйексөздің мағынасын түсініп,дәптерге көшіріп жазу. Оқиғаларды әңгімелеу(сұхбат) «Асығыс үкім» Бір кісінің үйінің төменгі қабатында ағаш өңдейтін шеберханасы бар екен. Ол есік пен терезе жасап күнелтеді екен. Бір күні жұмыс істеп жатқанында электр қуаты өшеді. Ұзақ уақыт бойы күтсе де жанбайды. Қасарысқандай, сол кеште тапсыруы керек болған бірнеше терезе бар еді. Біраз демалу үшін үйіне көтеріліп бара жатып сақтандырғышқа көзі түседі. Біреу сақтандырғышты өшіріп қойған екен. Ажыратқышты (рубильник) қосқанда цех жарық болады. Болжамдары дұрыс шыққан екен, бірақ мұның мәнісін түсіне алмайды. Жұмысқа қайта кіріскенінде сол нәрсе тағы қайталанады. Бірақ, бұл жолы ол кінәлі адамды байқап қалады. Баласы үй мен цех арасындағы сатыдан дыбыссыз, ақырын түсіп, сақтандырғышты өшіріп жатқан кезінде әкесін дәл алдында көреді. Әкесі он жасқа енді толған баласының мұндай опасыздығын кешіре алмайды. Өйткені, күні бойы уақыты баласының кесірінен жоғалған еді. Бір рет қана істеген болса бәлкім үн қатпас еді. Шапалақпен тартып жібереді. Бәлкім бұл ұрған шапалағы енді қайта опасыздық етуіне кедергі болар. Баласының көз жастарына қарамастан үйіне кіріп, әйеліне жекіп былай дейді: - Мына баланың мектепте кімдермен араласып жүргенін білуіміз керек!.. Егер бос жіберетін болсақ, басымызға бәле болуы мүмкін!.. Кейін ең оңай жолын табады. Баласының еш қалдырмай ұстап жүретін күнделігінде достарына қатысты мәлімет болса керекті. Баласы күнделігін көрсеткісі келмесе де оны тыңдамай, күнделігін оқи бастайды. Баласының ең соңғы бетте былай жазғанын көреді: «Бүгін түнде жаман түс көрдім!.. Цехта жұмыс істеп жатқан кезде әкемді тоқ ұрған екен. Құдайым-ау әкемді сақтай гөр!.. Мен қолымнан келгенін істеймін!..» 4.Оқиғаларды әңгімелеу(сұхбат) «Асығыс үкім» Бір кісінің үйінің төменгі қабатында ағаш өңдейтін шеберханасы бар екен. Ол есік пен терезе жасап күнелтеді екен. Бір күні жұмыс істеп жатқанында электр қуаты өшеді. Ұзақ уақыт бойы күтсе де жанбайды. Қасарысқандай, сол кеште тапсыруы керек болған бірнеше терезе бар еді. Біраз демалу үшін үйіне көтеріліп бара жатып сақтандырғышқа көзі түседі. Біреу сақтандырғышты өшіріп қойған екен. Ажыратқышты (рубильник) қосқанда цех жарық болады. Болжамдары дұрыс шыққан екен, бірақ мұның мәнісін түсіне алмайды. Жұмысқа қайта кіріскенінде сол нәрсе тағы қайталанады. Бірақ, бұл жолы ол кінәлі адамды байқап қалады. Баласы үй мен цех арасындағы сатыдан дыбыссыз, ақырын түсіп, сақтандырғышты өшіріп жатқан кезінде әкесін дәл алдында көреді. Әкесі он жасқа енді толған баласының мұндай опасыздығын кешіре алмайды. Өйткені, күні бойы уақыты баласының кесірінен жоғалған еді. Бір рет қана істеген болса бәлкім үн қатпас еді. Шапалақпен тартып жібереді. Бәлкім бұл ұрған шапалағы енді қайта опасыздық етуіне кедергі болар. Баласының көз жастарына қарамастан үйіне кіріп, әйеліне жекіп былай дейді: - Мына баланың мектепте кімдермен араласып жүргенін білуіміз керек!.. Егер бос жіберетін болсақ, басымызға бәле болуы мүмкін!.. Кейін ең оңай жолын табады. Баласының еш қалдырмай ұстап жүретін күнделігінде достарына қатысты мәлімет болса керекті. Баласы күнделігін көрсеткісі келмесе де оны тыңдамай, күнделігін оқи бастайды. Баласының ең соңғы бетте былай жазғанын көреді: «Бүгін түнде жаман түс көрдім!.. Цехта жұмыс істеп жатқан кезде әкемді тоқ ұрған екен. Құдайым-ау әкемді сақтай гөр!.. Мен қолымнан келгенін істеймін!..» Сұрақтар: 1. Цехта неге жарық өше берді? 2. Әкесі неге баласына ашуланды? 3. Осы әңгімедегі әкенің әрекеті дұрыс болды ма? 4. Баланың әрекетінен қандай қасиеттер көруге болады? 5. Осындай жағдайларға бармас үшін жақындарыңызбен ашық сөйлесесіз бе	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	7. Үй тапсырмасы № 11 сабақ Қ.Қайсеновтің «Үйді сағындым» мәтінін оқу, бет 56 Дәптермен жұмыс , отбасы жайында мақал-мәтел жазып келу. 8. Сабақтың соңғы тыныштық сәті. Балалар, бүгінгі сабақтан алған, үйренген жақсы қасиеттерімізді жүрегімізге сақтайық.	
Рефлексия	"Жүректен жүрекке" әдісі бойынша бір-біріне тілек тіледі	